



ҚАЗАҚСТАН БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
М.ӘУЕЗОВ АТЫНДАҒЫ ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТТІК
УНИВЕРИСТЕТІ



ДОКТОРАНТУРАДА ІШКІ САПАМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ
БОЙЫНША БАСШЫЛЫҚ

Шымкент - 2019

Мазмұны

1. Қолдану саласы	3
2. Нормативті сілтемелер	3
3. Терминдер және анықтамалар	4
4. Белгіленулер және қысқартулар	5
5. Жауапкершілік және өкілеттіліктер	5
6. Үрдіс сипаттамасы	6
6.1 Сапаны қамтамасыз ету саласындағы саясат	6
6.2 Докторантура білім беру бағдарламаларының әзірленуі және бекітілуі	11
6.3 Студентке орталықтандырылған оқыту, білім беру және бағалау	14
6.4 Студенттерді қабылдау, үлгерім, біліктіліктерді тану және сертификаттау	20
6.5 Оқытушылық құрам	28
6.6 Білім беру ресурстары және студенттерді қолдау жүйесі	29
6.7 Ақпаратты басқару	30
6.8 Жұртшылықты ақпараттандыру	31

1 Қолдану саласы

1.1 Докторантурада сапамен ішкі қамтамасыз ету бойынша осы Басшылық (ДІСҚБ) М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік Университеті ШЖҚ РМК докторантурада сапамен қамтамасыз ету ішкі жүйесінің мақсаты, міндеттері, бірізділігі мен негізгі ережелерін анықтайды (әрі қарай -ОҚМУ).

1.2. Осы (ДІСҚБ) докторантураның білім беру бағдарламаларын ұйымдастыру мен жүзеге асыруға қатысатын лауазымды тұлғалар мен қызметкерлер үшін міндетті басшылық болып табылады, сондай-ақ ОҚМУ сапа менеджменті жүйесінің құжаттамасы құрамына кіреді.

1.3 ДІСҚБ авторлық құқық объектісіне жатады және оны ректордың рұқсатысыз басқа ұйымдарға таратуға болмайды.

2 Нормативті сілтемелер

2.1 ДІСҚБ-та келесі нормативті құжаттарға сілтемелер қолданылған:

- Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (ҚР БЖҒМ-нің 2018 жылы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген);

- Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің білім беру бағдарламаларын жүзеге асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың типтік ережелері (ҚР БЖҒМ-нің 2018 жылы 31 қазандағы № 600 бұйрығымен бекітілген);

- ҚР БЖҒМ-нің 2018 жылы 30 қазандағы №595 бұйрығымен бекітілген жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің типтік ережелері;

- Қазақстан Республикасының білім және ғылым министрлігі 20 сәуір 2011 ж. № 152, өзгерістер мен толықтырулармен 2018 жылы 12 қазандағы №563 бұйрығымен бекітілген оқу үдерісін кредиттік технология бойынша ұйымдастыру ережелері;

- Қазақстан Республикасының білім және ғылым министрлігі 2011 жылы 31 наурыздағы № 127, өзгерістер мен толықтырулармен 28.09.2018 ж. № 512 бұйрығымен бекітілген дәрежелер тағайындау ережелері;

- Сапа менеджмент жүйесі МС ИСО 9000-2007. Негізгі ережелері мен сөздік.

- Сапа менеджмент жүйесінің МС ИСО 9001-2008.Талаптар;

- СМЖ ОҚМУ ПР 4.01-2012 Құжаттаманы басқару;

- СМЖ ОҚМУ ПР 6.03-2014 Қызметкерлердің біліктілігін арттыру бойынша үрдістерді басқару;

- СМЖ ОҚМУ ПР 7.02-2015 Оқу-ұйымдастыру үрдістерді басқару;

- СМЖ ОҚМУ ПР 7.03-2015 Оқу-әдістемелік үрдістерді басқару;

- СМЖ ОҚМУ ПР 7.04-2015 Оқу сабақтары. Сабақтарды ұйымдастыру, мазмұны мен жүргізуге қойылатын жалпы талаптар;

- СМЖ ОҚМУ ПР 7.07-2012 ПОҚ ғылыми-зертеу жұмысын басқару;

- СМЖ ОҚМУ ПР 7.11-2015 Студенттердің академиялық ұтқырлығын ұйымдастыру;

- СМЖ ОҚМУ ПР 7.13-2015 Талапкерлерді іріктеу үрдісін басқару.

Сәйкестендіру және қадағалау;

- СМЖ ОҚМУ ПР 7.27-2013 Магистранттар мен докторанттардың кәсіби іс-тәжірибесін ұйымдастыру және өткізу;
- СМЖ ОҚМУ ПР 7.28-2013 Магистранттар мен докторанттардың ғылыми-зерттеу жұмысын ұйымдастыру және өткізу;
- СМЖ ОҚМУ ПР 7.29-2013 Магистранттар мен докторанттардың тағылымдамасын ұйымдастыру;
- СМЖ ОҚМУ ПР 8.01-2012 Сапа менеджмент жүйесі. Процедура. Ішкі тексеру;
- СМЖ ОҚМУ ПР 8.04-2012 Сапа менеджмент жүйесі. Процедура. Білім сапасын университетішілік бақылау;
- СМЖ ОҚМУ ПР 8.05-2012 Сапа менеджмент жүйесі. Процедура. ПОҚ, кафедралар мен факультеттердің қызметін кешенді бағалау;
- СМЖ ОҚМУ ПР 8.06-2015 Үлгерімді ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізу үрдісін басқару;
- СМЖ ОҚМУ ПР 8.07-2012 Сапа менеджмент жүйесі. Процедура. Тұтынушылардың қанағаттанушылығын бағалау;

- Академиялық шыншылдық кодексі;

сонымен қатар Еуропалық құжаттар:

- Жоғары білімнің еуропалық кеңістігінде (ESG) сапамен қамтамасыз ету арналған стандарттар мен басшылықтар (14-15 мамыр 2015 ж. білім министрлерінің Еревандық конференциясында бекітілді);
- Salzburg principles (Зальцбург қағидалары), 2005 ж. қабылданды;
- Salzburg II Recommendations (Зальцбург қағидаларын жүзеге асыру бойынша ұсыныстар), 2010 ж. қабылданды;
- 7 Principles for Innovative Doctoral Training (Инновациялық докторлық оқытудың 7 қағидасы);
- The European Code of Conduct for Research Integrity (Зерттеулерді адал жүргізудің еуропалық кодексі), 24 наурыз 2017 ж. баспадан шықты.

3 Терминдер және анықтамалар.

ДИСҚБ-та терминдер мен анықтамалар МС ИСО 9000:2007, Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартқа сай қолданылады (ҚР БЖҒМ-нің 2018 жылы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген).

Докторантура - білім беру бағдарламалары кемінде 180 академиялық кредитті меңгерумен бірге, философия докторы(PhD) (бейіні бойынша доктор) дәрежесін бере отырып, ғылыми, педагогикалық және (немесе) кәсіптік қызмет үшін кадрларды даярлауға бағытталған жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру;

Докторант – докторантурада білім алушы тұлға;

Докторлық диссертация – теориялық ережелер жиынтығын жаңа ғылыми жетістік ретінде тануға болатын немесе ғылыми мәселе шешілген, не енгізілуі ел экономикасының дамуына айтарлықтай үлес қосатын ғылыми негізделген техникалық, экономикалық немесе технологиялық шешімдер баяндалған, дербес зерттеу болып табылатын ғылыми жұмыс;

Бейіні бойынша доктор - Қазақстан Республикасында немесе одан тысқары жерлерде кәсіптік қызметтің тиісті саласы бойынша докторантура бағдарламасын меңгерген және диссертация қорғаған тұлғаларға берілетін Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен танылған дәреже;

Философия докторы (PhD)- Қазақстан Республикасында немесе одан тысқары жерлерде ғылыми-педагогикалық бағыт бойынша докторантура бағдарламасын меңгерген және диссертация қорғаған тұлғаларға берілетін Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен танылған дәреже;

Жеке оқу жоспары (әрі қарай – ЖеОЖ) – білім алушы білім беру бағдарламасы мен элективті пәндер каталогы негізінде эдвайзер көмегімен әр оқу жылына өзбетінше жасайтын оқу жоспары;

Жұмыс оқу жоспары (әрі қарай – ЖОЖ) –білім беру ұйымы білім беру бағдарламасы мен білім алушының жеке оқу жоспарлары негізінде өзбетінше әзірлеген оқу құжаты.

4 Белгіленулер және қысқартулар

Докторантурада сапамен ішкі қамтамасыз ету бойынша басшылықта келесі қысқартулар қолданылады:

ДІСКБ -докторантурада сапамен ішкі қамтамасыз ету бойынша басшылық;

ББМЖС – білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты;

СБӨ – сапа бойынша басшылық өкілі;

ЖМ – жоғары мектеп;

ҒТК – ғылыми-техникалық кеңес;

ҒГК– ғылыми-гуманитарлық кеңес;

СМЖ – сапа менеджмент жүйесі;

СҚ – сапа қызметі;

ОЖ- оқу жоспары;

ЖООКБИ – жоғары оқу орнынан кейінгі оқыту институты;

ДҒЗЖ –докторанттардың ғылыми-зерттеу жұмысы;

МОӘК – мамандықтың оқу-әдістемелік кешені;

ПОӘК – пәннің оқу-әдістемелік кешені;

ПОҚ – профессор-оқытушы құрамы;

ОӘӘ – оқу-әдістемелік әдебиет;

ҚР БжҒМ ББСБК – Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің білім беру саласында бақылау комитеті;

БАО– білім-ақпарат орталығы.

5 Жауапкершілік және өкілеттіліктер

5.1 ДІСКБ-ты ОҚМУ ректоры бекітеді.

5.2 ДІСКБ-ты ендіру мен басқару бойынша СБӨ жауапты болып табылады.

5.3 Осы ДІСКБ ережелерінің МС ИСО 9001:2008 стандарт талаптарына сай келуіне СБӨ жауапты болып табылады.

5.4 Докторанттардың ғылыми-зерттеу жұмысын ұйымдастыру және жүргізу процедурасының нақты кезеңдерін орындау және соңғы нәтиже сапасы бойынша ұйымдастыру және үлестіруге нақты кезеңдерді орындау қатысушылары болып табылатын бөлім басшылары жауапты

5.5 Бөлімдегі СМЖ процедураларының сақталуы мен заңсыз көшіру, қызметтік ақпараттың сыртқа шығуына бөлімдердің басшылары жауапты.

5.6 Білім беру бағдарламалары бойынша ОҚМУ ПР 4.01-2012 СМЖ сай осы ДІСҚБ басқаруға Жоғары оқу орнынан кейінгі оқыту институтының директоры жауапты болып табылады.

5.7 ДІСҚБ-та көрсетілген талаптардың ендірілуіне СБӨ, ЖООКББИ директоры жауапты болып табылады.

5.8 ДІСҚБ-қа өзгерістерді, «Өзгерістерді тіркеу парағына» міндетті белгілеумен ЖООКББИ директоры енгізеді.

6 Үрдіс сипаттамасы

6.1 Сапаны қамтамасыз ету саласындағы саясат

6.1.1 Сапа саласында саясат университеттің даму стратегиясы негізінде қалыптасады және ЖОО-ның миссия, мақсаты мен міндеттеріне сай келеді.

6.1.2 ОҚМУ миссиясы жаңа білімдерді пайда ету негізінде елдің зияткерлік элитасын қалыптастыру және ЖОО-н кәсіпкерлік университетке айналдыру болып табылады.

6.1.3 Университеттің негізгі стратегиялық мақсаты жұмыс берушілермен тығыз өзара байланыста болып, кадрлар даярлауды қамтамасыз ететін зерттеу және кәсіпкерлік үлгідегі университетке айналу болып табылады.

Институционалдық тиімділік пен имиджді арттыру үшін университет келесі негізгі міндеттерді шешуді алдына қояды:

білім беру қызметінде : салалық кеңестердің жұмысын жетілдіру, жұмыс берушілермен бірге жаңа бағдарламаларды әзірлеу, кадрларды дуалды даярлауды дамыту, политілді білім беруді кеңейту, барлық бағдарламаларға ИИДМБ (ГПИИР) білім беру бағдарламаларын әзірлеу тәжірибесін тарату, кәсіпкерлік білімді беруді кеңейту;

зерттеу қызметінде: қолданбалы зерттеулердің саласын кеңейту, пәнааралық зерттеу топтарын құру, кәсіпкерліктермен бірге ғылыми жобаларды әзірлеу, ғалымдардың күш-жігерін аймақ пен аймақтық индустрия мәселелерін шешуге жұмылдыру;

инновациялық қызметте: жеке өнеркәсіптік базаны құру, инновациялық инфрақұрылым мен жобаларда жетелеу жүйесін дамыту, жастар кәсіпкерлігін дамыту үшін жағдайлар жасау;

университеттің замануи имиджін қалыптастыру бойынша қызметте: Халықаралық және ұлттық рейтингтерде ЖОО позицияларын жоғарылату, халықаралық стандарттар бойынша тәуелсіз ұлттық институционалды аккредитациядан өту, ғылым және білім кеңістігінде университеттің халықаралық байланыстарын кеңейту, сапа саласындағы халықаралық және ұлттық ұйымдарға университетті мойындату.

6.1.4 Докторантурада білім сапасын арттыруға бағытталған ОҚМУ міндеттері:

- Докторантура білім беру бағдарламаларының тиімді және востребованного портфелін қалыптастыру;
- Докторантура білім беру үрдісінің сапасын арттыру;
- Индустриалды-инновациялық даму аясында кадрларды даярлау үшін зертханаларды заманауи құрал- жабдықтармен жабдықтау;
- Инновациялық жетістіктерді өндіріс пен оқу үрдісіне ендіру арқылы өндіріс пен оқу үрдісінің интеграциясын кеңейту;
- Докторантура білім беру бағдарламаларын интернационалдау: озық шетел мамандарын шақыру;
- Бірлескен білім бағдарламаларын жүзеге асыру бойынша халықаралық тәжірибесін кеңейту;
- Кәсіби кадрларды іріктеу мен аттестаттаудың тиімді механизмдерін ендіру;
- Білім беру үрдісін жетілдіру мен заманауи еңбек нарығының сұраныстарына сай даярлау бағыттарын туралау есебінен университет түлектеріне тұрақты сұранысты қамтамасыз ету;
- Ұлттық бірлік, төзімділік және «Мәңгілік Ел» қозғалысы аясында Қазақстан халқының арманын орындауға негізделген жаңа қазақстандық ұлтжандылықты қалыптастыру және дамыту;

6.1.5 Университеттің жоғары басшылығы, ПОҚ және докторанттар университетте жүргізілетін барлық үрдістерді жоспарлау, жүзеге асыру, мониторингтеуде беленді қатысады.

Барлық деңгей басшыларының Оқу және Оқу-әдістемелік кеңес, ректорат отырыстары, жиналыстар мен әдістемелік семинарлар, жұмыс топтары, университетшілік комиссиялар, аудит топтары жұмыстарына қатысуы арқылы мақсаттарға жету жүзеге асады.

ПОҚ пен докторанттардың университетті басқаруға қатысуы басқарудың коллегиялды органдар құрамына кіру, оқу-тәрбие үрдісіне ұсыныстар енгізу құқығымен қамтамасыз етіледі. Сонымен қатар, докторанттар университет қызметін жоспарлау, жүзеге асыру, мониторинг үрдістеріне жалпы университеттік жастар ұйымдары арқылы да қатысады.

6.1.6 Білім беру сапасын қамтамасыз ету жүйесін ұйымдастыру бойынша құрылымдық бөлімшелердің қызметін координациялау мақсатында ОҚМУ-да сапа Үйлестіру кеңес, Стратегиялық даму және сапаны басқару департаменті құрылған, университеттің стратегиялық даму жоспары әзірленген, сапаны басқару үшін ИСВУЗ ақпараттық жүйесі енгізілген.

6.1.7 ЖОО сапа мәдениеті саласында Саясатты анықтайтын, университет оқытушылары мен қызметкерлеріне кәсіби міндеттерін орындау сапасына бірыңғай талаптар қоятын, негізгі нормативті құжаттарды қабылдап, бекітті: Университет жарғысы, Ішкі тәртіп ережелері, ОҚМУ корпоративті этика кодексі. Корпоративті мәдениет пен сапа мәдениетінің дамуын қамтамасыз ететін бұл талаптар университеттік ортаның этика нормалары мен

құндылықтары, ұжымның беделді бөлігінің сенімдері мен ұмтылыстары, тиімді қоғамдық тәжірибе сұраныстары негізінде анықталды.

6.1.8 Корпоративті мәдениет университеттің тиімді қызметін анықтайтын шешуші фактор болып табылады (ОҚМУ корпоративті этика кодексі). Корпоративті мәдениетті дамыту шеңберінде университетте студенттерді оқу ордамыздың нормалары мен құндылықтарына баулу, оларды ЖОО өмір жағдайларына жедел бейімдеуге; тұлғааралық немесе конфессияаралық түсінбеушілік салдарынан студенттік ұжымдарда мүмкін болатын теріс құбылыстарды алдын алуға; студенттерді білім алу және олардың ғылыми жұмысқа қызығушылығын арттыруға үлкен мән беріледі.

6.1.9 ОҚМУ білім беру қызметтерінің сапа кепілі жүйесі ұйымдастырудың бес деңгейінен құралады:

- бірінші деңгейді реткорат жүзеге асырады;
- екінші деңгей – факультет/жоғары мектеп деканаты и және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру институты;
- үшінші деңгей – кафедра;
- төртінші деңгей – докторанттар, оқытушылар және түлектер;
- бесінші деңгей – жұмыс беруші.

ОҚМУ-да сапа кепілі жүйесін ұйымдастырудың **бірінші деңгейін** Сапа бойынша үйлестіру кеңесі, Ғылыми кеңес, ғылыми-техникалық/гуманитарлық кеңес арқылы келесі бағыттар бойынша ректорат жүзеге асырады:

- докторлық диссертациялар тақырыптарының өзектілігін талдау;
- оқу үрдісін ұйымдастыру мен жоспарлау;
- оқу сабақтарының барлық түрлерін жүргізу сапасы;
- білім алушыларды МЖББС сай оқу-әдістемелік кешендермен қамтамасыз ету;
- оқу үрдісінде техникалық және бағдарламалық құралдарды қолдану;
- кадрлармен қамтамасыз ету;
- ғылыми кеңес берушілер жұмысының тиімділігін талдау;
- профессор-оқытушы құрамының біліктілігін арттыру(ПОК).

ОҚМУ-да сапа кепілі жүйесін ұйымдастырудың **екінші деңгейін** жоғары мектеп кеңесі, қорытынды аттестаттау және емтихан комиссиялары арқылы келесі бағыттар бойынша ЖООКБИ/деканат жүзеге асырады:

- оқу бағдарламаларын және оқыту құралдарын талдау;
- докторанттардың негізгі құзыреттіліктерінің қалыптасуы, үлгерімі, өзбетінше жұмысты ұйымдастыру деңгейін анықтау;
- докторанттардың үлгерімін ескеріп, емтихан сессиясын талдау;
- докторанттардың жеке оқу жоспарын орындау дәрежесін талдау;
- докторант жүргізіп жатқан зерттеулердің нәтижелігін талдау;
- докторлық диссертациялар тақырыптарын талдау және олардың факультет/жоғары мектеп жүргізіп жатқан ғылыми зерттеулермен байланысы;
- ғылыми кеңес берушілердің есептерін талдау;
- қорытынды аттестаттау нәтижелері негізінде түлектерді даярлау

сапасын талдау;

- кафедралар ПОҚ қызметін талдау, дайындығының жағдайы, біліктілікті арттыру;
- іс-тәжірибелерді өткізуді қадағалауды жүзеге асыру;
- оқу-әдістемелік, ақпараттық және кітапханалық қамтамасыз ету жағдайы мен қолданылуын зерттеу;
- докторанттардың халықаралық тағылымдама/ академиялық ұтқырлық нәтижелілігін талдау;

Факультеттер/ жоғары мектептер деңгейінде оқу жұмысының сапасын инспекциялық комиссиялар жүзеге асырады. Олар оқытушылар сабақтары, докторанттарды даярлау үрдісінде қолданылатын оқу және оқу-әдістемелік әдебиет сапасын тексереді. Инспекциялық комиссия нәтижелері факультет/жоғары мектеп Кеңесінде талқыланады.

Білім алушылардың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттар талаптарын игеру дәрежесін анықтау мақсатында қорытынды мемлекеттік аттестаттау жүргізіледі, бұл кешенді емтихан тапсыру кезінде алған бағалармен расталады.

ОҚМУ-да сапа кепілі жүйесін ұйымдастырудың **үшінші деңгейін** келесі бағыттар бойынша кафедра жүзеге асырады:

- докторанттарды оқыту сапасын бақылау және оның әрі қарай жетілдіру жолдарын анықтау;
- докторанттардың ғылыми мақалалар, өнертабысқа өтінімдерді жазу дағдысын талдау;
- докторанттардың ғылыми жарияланымдар сапасын талдау;
- кафедра ПОҚ оқу сабақтарына дайындығының сапасын бақылау;
- оқу үрдісін материалдық-техникалық қамтамасыз ету;
- білімдерді ағымдық бақылау;
- докторанттардың сабаққа қатысуын бақылау;
- докторанттардың практикалық икемділіктері мен дағдыларды, өзіндік жұмысын меңгеруін бақылау;
- докторанттардың шетел тағылымдамаларына қорытынды жасау;
- әзірленген білім бағдарламаларына эксперттік қорытындыларды талдау;
- түлектердің мансаптық өсуін талдау.

Кафедра деңгейінде сабақтар сапасын текеру өзара кіру мен ашық сабақтар түрінде кафедраішілік бақылаудың бекітілген графиктеріне сай жүргізіледі. Сабақтарға өзара кіру нәтижелері кафедра мәжілістерінде талданады және қажет болған жағдайда түзетуші іс-шаралар жүзеге асырылады.

ОҚМУ-да сапа кепілі жүйесін ұйымдастырудың **төртінші деңгейін** келесі бағыттар бойынша докторанттар, түлектер және оқытушылар жүзеге асырады:

- докторанттардың оқыту үрдісін, іс-тәжірибе, тағылымдама ұйымдастыру мен ғылыми-зерттеу/тәжірибелік-зерттеу жұмысын жүргізу сапасына қанағаттануы;

- оқытушылардың еңбек жағдайларының ұйымдастыру сапасына қанағаттануы;

- Түлектердің оқыту нәтижелерін бағалау;

Сауалнама алу нәтижелері талданып, құжатталады және талдау негізінде оқу үрдісі, оқыту әдістері мен оқу үрдісін ұйымдастыруға қажетті өзгерістер енгізіледі.

ОҚМУ-да сапа кепілі жүйесін ұйымдастырудың **бесінші деңгейін** түлектедің іс-тәжірибелері мен жұмыстарының қорытындылары бойынша жұмыс беруші жүзеге асырады:

Бағдарламалар мен біліктілердің сапа кепіліне жатады:

- жоспарланған оқыту нәтижелерін әзірлеу және жариялау;
- оқу жоспарын әзірлеу, білім беру бағдарламаларының жасалуы мен мазмұнын ұдайы бақылау;
- қолжетімді оқыту реурстары;
- мамандықтар мен пәндердің оқу-әдістемелік кешендері;
- бекітілген білім беру бағдарламалары;
- жұмыс берушілермен келісілген білім беру бағдарламалары;
- докторанттардың үлгерімі мен жетістіктерінің мониторингі;
- кафедрада бағдарламаларды мерзімдік бағалау;
- білім беру бағдарламаларын аккредиттеу;
- жұмыс берушілер, еңбек нарығының өкілдері және т.б. ұйымдармен ұдайы өзара әрекет ету;

- сапа кепілі процедураларына докторанттардың қатысуы.

6.1.10 Білім алушылардың академиялық шыншылдығы саясаты университеттің Академиялық шыншылдық ережелерінде көрініс тапқан. Академиялық шыншылдықты қамтамасыз ету құралдары:

- білімдерді бағалау, контингент қозғалысына қатысты үрдістерді адами фактор әсерін болдырайтын автоматы түрге келтіру;

- студенттермен ішкі жұмыс жүйесін (эдвайзерлер, деканаттар, офис регистраторлар), кері байланыс алу жүйесін ұйымдастыру (ректор блогы, сенім жәшіктері, студенттік кеңес).

6.1.11 Университет білім алушылардың академиялық еркіндігін жүзеге асыру үшін жағдайлар жасайды. Оқу-әдістемелік материалдардың электронды нұсқалары, оқу сабақтары, емтихандар кестесі, білім алушылардың оқу жетістіктері portal.ukgu.kz. ақпараттық порталының студент парақшасында берілген.

6.1.12 Университет білім беру қызметтерінің ақпараттық ашықтығы мен қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатында білім алушылар мен оқытушылардың арасында коррупцияға қарсы дүниетаным мен іс-әрекетті қалыптастыру мен дамыту бойынша саясатты жүргізіп келеді.

6.2 Докторантура білім беру бағдарламаларының әзірленуі және бекітілуі

6.2.1. Докторлық оқыту Қазақстан Республика заңдарына және Зальцбург принциптеріне сәйкес, Болон процессі бойынша ғылыми кадрларды дайындау және докторлық бағдарламаның шешуші ролін сипаттайтын мәселе ретінде жүзеге асырылады.

6.2.2. Докторантураның білім беру бағдарламасын жасау Ұлттық квалификация, аймақтық квалификация кәсіби стандарттарына (бар болса); Дублин дискрипторлары және Европалық квалификацияға сәйкес іске асырылады.

6.2.3. Докторлық білім беру бағдарламаларын ҚР жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру мамандықтарының классификаторына сай даярлаудың нақты бағыты бойынша бітіруші кафедралар докторантура мамандықтарының типтік (негізгі) оқу жоспарлары негізінде жасалып, университет ректорымен бекітіледі..

6.2.4. Докторантураның білім беру бағдарламаларын жасау үшін арнайы жұмыс тобы жасақталады, оның құрамына алдыңғы қатарлы оқытушылар мен докторанттар кіреді.

Білім беру бағдарламасын (БББ) кафедрада талқыланып, ары қарай кәсіби мамандарды дайындайтын жұмыс берушілерге сыртқы сараптамаға жіберіледі. Ішкі сараптама факультет деңгейінде алдыңғы қатарлы оқытушылармен құрылған эксперттік топпен жүргізіледі.

БББ-сы кафедрада талқыланып, әрі қарай кадрларды даярлау бейіні бойынша жұмыс берушілерге сыртқы сараптамаға жіберіледі. Ішкі сараптама факультет деңгейінде жетекші оқытушылардан құралған сараптамалық топпен жүргізіледі. Сараптамалық қорытындылары бар БББ факультет/жоғары мектептің әдістемелік комиссиясына талқылауға беріледі. Университеттің Ғылыми кеңесі Оқу-әдістемелік кеңес ұсынысы бойынша БББ бекітеді.

6.2.5. Докторантураның білім беру бағдарламасы 2 бағытта әзірленеді: ғылыми-педагогикалық және кәсіби. Философия докторы (PhD) дайындайтын БББ ғылыми-педагогикалық бағытта болады және ғылыми сала мен жоғары және жоғарғы оқу орыннан кейінгі іргелі білім беру, әдінамалық және зерттеушілік даярлау және ғылымның сәйкес бағыттары бойынша пәндерді тереңдете оқытуға негізделген.

6.2.6. Бейіні бойынша доктор даярлаудың білім беру бағдарламасы іргелі білім беру, әдіснамалық және зерттеушілік даярлау және ұлттық экономика, әлеуметтік салалары: ағарту саласы, медицина, құқық, өнер, экономика-бизнес басқару, әскери іс сияқты ғылымның сәйкесінше бағыттары бойынша пәндерді тереңдетіп оқытуға негізделген.

6.2.7. Докторантураның білім беру бағдарламасының құрылысы екі құраушыдан тұрады: білім беру және ғылыми.

Докторантураның БББ төмендегілерден тұрады:

1) Теориялық оқыту, оның құрамында базалық және кәсіби пәндерді оқыту кіреді;

2) Докторанттарды практикалық даярлау: әр түрлі кәсіби іс-тәжірибиелер, ғылыми және кәсіби тағылымдамалар;

3) Ғылыми-зерттеу (экспериментальді - зерттеу) жұмыстары, сонымен қоса докторантуралық диссертацияны орындау;

4) Қорытынды аттестаттау.

Білім алушылардың оқу және ғылыми жұмыстарының еңбек көлемі игерілген материалдардың санымен анықталады және академиялық кредитпен өлшенеді.

6.2.8. Докторантураның БББ, соның ішінде кәсіби даярлауда (PhD) докторлар немесе бейіні бойынша даярлаудың аккредиттелген бағдарламасын жүзеге асыратын шетелдік ЖОО және ғылыми орталықтар тәжірибелеріне сүйеніп жасалады.

Докторлық БББ мазмұны келесідей:

-теориялық оқыту курсы;

-ғылыми-зерттеу(экспериментальды –зерттеу) жұмыстары;

Соның ішінде докторлық диссертация/ жоба орындау;

-іс-тәжірибие(педагогикалық, зерттеу, өндірістік)

-аралық және қорытынды аттестация.

6.2.9. Пәндер бағдарламасы мен модульдері жан-жақты дамыған кадрларды даярлауды қамтамасыз ететін пәнаралық және мультипәндік сипатта болады.

6.2.10. Докторантураның Б.Б.Б – модульдік негізінде дайындалып, оқытудың мақсаттары, нәтижелері және күзiреттiлiктерi көрсетiледi. Әрбiр бiлiм беру бағдарламасы оқу әдiстемелiк жиынтықпен қамтамасыз етiледi: БББ жұмыс жоспары, элективтi пәндер каталогы, пәннiң оқу-әдiстемелiк кешенi көрсетiледi.

6.2.11 Докторлық оқыту мазмұны елдің даму басымдықтарын ескеріп, қоғамның ғылыми-техникалық, әлеуметтік-экономикалық, мәдени дамуына үлес қосатын өз алдына ойлап, түйіндей алатын бәсекеге қаблетті, жоғары білікті кадрлар даярлауға бағытталған негізгі күзiреттiлiктер қалыптастыратын күзiреттiлiк модульге негiзделген.

Негізгі күзiреттiлiктер жалпы күзiреттiлiктер және кәсiби күзiреттiлiктерден тұрады.

Жалпы күзiреттiлiктер –жеке тұлғаның жалпы жоғары рухани – танымдық қасиеттерін, зерттеушілік күзiреттiлiктерін, сонымен қатар оның сонымен қатар, бітірушінің жаңа білімді жасап, басқаларға жеткізу қабілетін анықтайды.

Жалпы күзiреттiлiктер – БББ оқу кезінде қол жеткізген оқытудың нәтижелерін және белгілі бір салада әлемдік және Қазақстандық ғылымның концепциялары туралы білім, заманауи тенденцияларды, жаһандану мен интернационализация жағдайында отандық ғылымның даму бағыттары мен заңдылықтарын түсініп, өзінің жаңа ғылыми идеяларын ойлап тауып, ғылыми танымның шекарасын кеңейтіп, білімі мен идеяларын ғылыми қоғамдастыққа жариялай алу қасиеттерін көрсетеді.

Кәсiби күзiреттiлiк – әрбiр БББ сәйкес кәсiби стандарт негiзінде еңбек рыногының талабын ескере отырып, жұмыс берушілердің қажеттілігіне орай,

білім алушының еркіне және қоғамның әлеуметтік қажеттілігіне байланысты іске асырылады.

Кәсіби құзыреттіліктер еңбек нарығының талаптары, жұмыс берушілердің үміттері, білім алушылардың мүдделері, қоғамның әлеуметтік сұраныстарын ескеріп, кәсіби стандарт негізінде әр білім беру бағдарламасы бойынша жасалады.

Кәсіби құзыреттіліктер білім беру бағдарламасын игеру үрдісінде қол жеткізген оқыту нәтижелерін көрсетеді.

Мұндағы оқыту нәтижелері білім алушы қол жеткізген және модульдің оқу пәні және (немесе) білім беру бағдарламасын оқытуды аяқтау барысында көрсеткен білімі, түсінігі, дағдылары бағаланумен нақтыланған құзіреттіліктер деңгейін анықтайды.

6.2.12. Докторантура мамандықтары бойынша БББ-ның оқу жоспарлары жұмыс берушілермен келісіп, университет Ғылыми кеңесінің шешімі негізінде ректормен бекітіледі.

6.2.13. Білім беру бағдарламасының ғылыми құраушысы докторанттың ғылыми-зерттеу жұмысынан (НИРД) немесе экспериментальды зерттеу жұмысынан (ЭИРД), ғылыми жариялымдардан, докторлық диссертацияны жазып, оны қорғаудан құрылады.

6.2.14 Докторлық диссертацияның тақырыптары мен ғылыми жетекшілері /ғылыми кеңес берушілері кафедралардың ғылыми-әдістемелік семинарларында, факультет кеңесінде (ЖМ) қаралады. Докторанттардың құрастырылған докторлық диссертация тақырыптары Ғылыми – техникалық кеңесте (НТС, НГС) талқыланып, ОҚМУ Ғылыми кеңесіне бекітілуге ұсынылады.

6.2.15. Докторантурада оқитын докторанттың ғылыми жұмысы болуы тиіс:
-докторлық диссертация қорғалатын білім беру бағдарламасының негізгі проблематикасына сәйкес;

-өзекті, ғылыми жаңалығы, практикалық мәні жоғары;

- ғылым мен тәжірибенің заманауи теориялық әдістемелік және технологиялық жетістіктеріне негізделген;

-компьютерлік технологияларды қолданып, берілгендерді өңдеудің заманауи әдістеріне негізделген;

-ғылыми зерттеулердің заманауи әдістерімен қамтылған;

-негізгі қорғауға ұсынылған бөлімдері ғылыми – зерттеу (әдістемелік, тәжірибелік) жұмыстарымен қамтылған.

6.2.16. Докторантурада оқитын докторанттың экспериментальды зерттеу жұмысы болуы тиіс:

-докторлық диссертация қорғалатын білім беру бағдарламасының негізгі проблематикасына сәйкес;

- өзекті, ғылыми жаңалығы, практикалық мәні жоғары;

-ғылым, техника және өндірістің заманауи жетістіктеріне негізделген және кешенді сипатындағы нақты тәжірибелік нұсқаулары бар, басқару есептерді өз бетінше шешімдерден құралған;

-алдыңғы қатарлы ақпараттық технологияларды қолданып жасалынған;

-негізгі қорғауға ұсынылған бөлімдері – эксперименталды зерттеу (әдістемелік, тәжірибелік) жұмыстармен қамтылған.

6.2.17. БББ бойынша докторанттардың зерттеу жұмыстарының нәтижесі ғылыми басылымдарда жарияланып, ғылыми конференцияда баяндалуы тиіс. Ғылыми-зерттеу(экспериментальді – зерттеу жұмыстарының қорытындысы – докторанттың философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін алу бойынша диссертацияны орындау болып табылады.

6.2.18. Философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін алу диссертациясы жаңа ғылыми нәтижесі бар өз алдына ізденіспен табылған білікті бітіруші жұмыс болып табылады. Докторлық диссертацияның мазмұны және құрылысына қойлатын талаптар тиісті нормативті құжаттардың талабына сай орындалады.

6.2.19. Докторантураның БББ бойынша докторанттардың іс-тәжірибелік жұмыстары ғылыми-зерттеу, педагогикалық және кәсіби жұмыстары бойынша дағдылар қалыптастырады.

6.2.20. Докторантура ББ бағдарламасын игеру мерзімі нормативті құжат бойынша 3 жыл. Егер мерзімінен бұрын докторант оқу бағдарламаның оқу және ғылыми құраушыларын орындап, мамандығы бойынша кешенді емтиханды сәтті тапсырып, философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін іздену бойынша докторлық диссертациясын мерзімінен бұрын қорғаса, уақытынан бұрын философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор атағын алуға рұқсат етіледі.

6.3 Студентке орталықтандырылған оқыту, білім беру және бағалау

6.3.1. ОҚМУ-да білім алушы білім беру үрдісінің негізгі орталық фигурасы болып табылады.

Докторанттың өмірлік циклінің барлық кезеңдері құжаттар кешенімен реттелген. Докторанттар университетте сапа кепілі процедураларын жасауда және оны жүзеге асыруға белсенді қатысады.

6.3.2. Докторантурада оқыту үрдісін ұйымдастыру докторантураның жалпыға міндетті мемлекеттік стандарт талаптарына сай болуы керек және докторанттардың білім беру бағдарламасын игеруіне барынша қолайлы жағдай жасалуы тиіс. Докторанттардың өзінің білім беру траекториясын жеке жоспарлауына мүмкіншілік беріледі.

6.3.3. Жеке жұмыс жоспарын жасау және оқыту барысында білім беру бағдарламасын игеруде көмек көрсету мақсатында бітіруші кафедралары оқытушылары қатарынан эдвайзерлер тағайындалады.

6.3.4. Докторанттарға 1 оқу семестірі беріледі. Апта саны жұмыс жағдайына байланысты өзгеруі мүмкін, бірақ докторанттық орташа апталық жүктемесі 57 сағаттан аспауы тиіс, оған теориялық оқу, экспериментальды – зерттеу жұмыстары, сонымен қатар диссертацияны орындау (жоба, тәжірибе, қорытынды аттестация) жатады.

6.3.5. Докторантураның БББ-н игеру аудиториялық (контакті) және аудиториядан тыс (өз бетінше) жұмыс жасау түрінде орындалады.

6.3.6. Докторантура бағдарламасы бойынша оқу сабақтары белсенді шығармашылық формада (кейс-стади, іскерлік ойындар, тренингтер, диспуттар,

дөңгелек үстелдер, семинарлар және т.б.) заманауи білім беру технологияларын қолданып жүргізілуі тиіс.

6.3.7. Факультет /ЖМ және бітіруші кафедра докторанттың оқу процесіне қажетті әдістемелік қамтамасыз етуге жауапты.

Докторантураның әрбір мамандығына бітіруші кафедра ұжымы дайындайды:

-БББ элективті пәндер каталогын;

-пәннің оқу әдістемелік кешені (ПОӘК), құрамында жұмыс оқу бағдарламасы және силлабустары бар;

-әрбір пән (модуль) бойынша аудиториялық жұмысқа арналған материалдар: дәріс кешендері, бөлімдерге бөлінген семинарлық және лабораториялық сабақтардың жоспарлары, -онда аптасы, ағымдық аттестацияның қабылдау графигі, білім бағалаудың түрлері көрсетілген;

-докторанттардың өзіндік жұмысына арналған материалдар: тест тапсырмалары, өзіндік бақылау материалдары барлық пәндер (модульдер) үшін, ДӨЖ, ОДӨЖ тақырыптары үшін негізгі және қосымша әдебиеттер тізімі, оқу және ғылыми сұрақтар бойынша жеке кеңес өткізу графиктері;

-Білімді бақылауға арналған материалдар: жабаша бақылау тапсырмалары және тесттер, емтихандық билеттер, іскер ойындар, тренингтер, дискуссияға арналған тақырыптық сұрақтар, дөңгелек үстелдер схемалары.

-Іс-тәжірибеден өтуге арналған материалдар: тәжірбиенің жоспары және бағдарламасы, есеп құжаттарының түрлері;

-Ғылыми зерттеу және экспериментальді зерттеу жұмыстарын орындауға арналған материалдар (бағдарламалар, ғылыми семинарларының жұмыс жасау графиктері және т.б.).

Барлық әдістемелік нұсқаулар кафедраларда, факультеттердің/жоғары мектептердің әдістемелік комиссияларының отырыстарында қаралады және университеттің оқу-әдістемелік кеңесімен баспаға ұсынылады.

6.3.8. Білім алушылардың докторантураның білім беру бағдарламаларын игеруін ағымдағы аттестаттау білім алушылардың білім беру бағдарламасының оқу құраушысын меңгеру көлемі мен деңгейін бағалау, ғылыми-зерттеу/эксперименталды-зерттеу жұмысы бағдарламасын және кәсіптік іс-тәжірибелерді орындау мақсатында жүргізіледі.

6.3.9 Докторантура бағдарламасы бойынша білім алушылары анықтама-жол сілтемемен қамтамасыз етіледі, онда университеттің докторантура саласындағы академиялық саясаты, білім алушылардың құқықтары мен міндеттері, үлгерімді бағалау әдістемесі, қорытынды мемлекеттік аттестаттауға қойылатын талаптар көрсетіледі.

6.3.10 Докторантураның білім беру бағдарламалары бойынша білім алушылары оқудың алғашқы 2 айы ішінде жеке жұмыс жоспарларын әзірлейді және бекітеді, олар келесі бөлімдерді қамтиды:

-ғылыми-зерттеу/эксперименталды-зерттеу жұмысының жеке жоспары;

- іс-тәжірибеден өту жоспары;

- негіздемесі мен құрылымы бар диссертация тақырыбы;

- диссертацияның орындалу жоспары;

- алыс шетелдердің танымал әлемдік ғылыми орталықтары мен жоғары оқу орындарында докторанттарға арналған ғылыми жарияланымдар мен тағылымдамалар жоспары

6.3.11 Білім алушының жеке оқу жоспары (ЖОЖ) білім беру бағдарламасының оқу құраушысын меңгеру үшін негіз болады. Докторанттың жеке оқу жоспарында оқытудың жеке траекториясы көрініс табады. Қажет болған жағдайда ЖОЖ жыл сайын нақтылануы мүмкін.

6.3.12 Білім алушының ғылыми-зерттеу/ эксперименталды-зерттеу жұмысының жеке жоспары (ҒЗЖЖЖ/ЭЗЖЖЖ) докторантураның білім беру бағдарламасын игерудің барлық кезеңіне жасалады. Ғылыми-зерттеу/эксперименттік-зерттеу жұмысының жоспарында диссертациялық зерттеудің тақырыбы, зерттеу бағыты, есеп мерзімі мен нысаны көрсетіледі. Докторанттың ғылыми-зерттеу/эксперименталды-зерттеу жұмысының жоспарын докторанттың кеңес беру комиссиясының барлық мүшелері бекітуі тиіс.

6.3.13 Білім алушының ғылыми жарияланымдары жоспарында жарияланымдардың үлгілік тақырыбы, жұмыстарды жариялау жоспарланып отырған ғылыми басылымдардың атаулары, жарияланымдармен жұмыс істеу мерзімі болуы тиіс. Білім алушының ғылыми тағылымдама жоспары мақсаты мен міндеттері, тағылымдама өткізу мерзімдері мен есептілік нысандары көрсетілген толық тағылымдама бағдарламасын қамтуы тиіс.

6.3.14 Докторантураның білім беру бағдарламаларының білім алушыларының жеке жұмыс жоспарлары факультет/жоғары мектеп кеңесінің отырысында қаралады, жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру институтымен келісіледі және ғылыми жұмыс және инновация жөніндегі проректормен бекітіледі.

6.3.15 Білім алушының ЖОЖ-ға енгізілетін академиялық кредиттердің ең көп саны ағымдағы семестрге және оқу жылына арналған бағдарламаның оқу жұмыс жоспарымен белгіленген академиялық кредиттер санына сәйкес келуі тиіс.

6.3.16 Білім алушылар өздерінің жеке оқу жоспарларын құрастыруға және білім беру бағдарламасының жұмыс оқу жоспарының талаптарына сәйкес оқу курсы толық меңгеруіне жауап береді.

6.3.17 Білім алушылардың оқу пәндерін жазғы семестр бойы, ұзақтығы 6 аптаға дейін, академиялық қарыздарын жою, академиялық демалыстан қайтқанда немесе басқа ЖОО ауысқанда оқу жоспарындағы айырмашылықты жою мақсатында немесе өзінің жеке оқу жоспарына түзетулер енгізу үшін меңгеруіне жол беріледі. Талап етілген академиялық кредиттерді жазғы семестр мерзімінде игеру үшін білім алушы жазғы семестр басталғанға дейін 3 күннен кешіктірмей 9 кредиттен артық емес мерзімге тіркелуі тиіс.

6.3.18 Жазғы семестрде оқу ақылы негізде жүзеге асырылады, мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша білім алушылардың академиялық демалыста болуына байланысты пайда болған академиялық қарыздары есептелмейді.

6.3.19 Отандық және шетелдік білім беру және ғылым ұйымдарында теориялық оқыту бойынша кредиттерді меңгерген докторантураның білім алушыларына бекітілген оқу жоспарына сәйкес пәндер бойынша кредиттер есептеледі. Әрбір нақты жағдайда кредиттердің баламалылығы туралы мәселені кафедра ЖООКБИ-мен бірлесіп қарайды. Білім алушы шетелдік ЖОО-да игерілген пәндерді көрсете отырып, алған кредиттердің саны мен бағаларымен транскрипт ұсынады.

6.3.20 Докторанттардың жеке жұмыс жоспарларын уақытылы бекітуге олардың ғылыми кеңесшілері мен бітіруші кафедра меңгерушілері жауап береді.

6.3.21 Докторанттарды даярлауды жүзеге асыратын бітіруші кафедралар жаңа теориялық, әдіснамалық және технологиялық жетістіктерді зерттеу мақсатында білім алушылардың зерттеу жұмыстарын ұйымдастыруы тиіс.

6.3.22 Докторантурада білім алушылардың ғылыми-зерттеу/эксперименттік-зерттеу жұмыстарын жоспарлау семестр бойынша білім беру бағдарламаларының жұмыс оқу жоспарларына сәйкес жүзеге асырылады. Әрбір академиялық кезеңнің соңында білім алушылар ғылыми кеңесшінің қатысуымен бітіруші кафедраның отырысында/ ғылыми-әдістемелік семинарында жүргізілген зерттеу жұмыстарының нәтижелерін таныстырады.

6.3.23 Докторантурада білім алушылардың ғылыми-зерттеу/эксперименталдық-зерттеу жұмыстарына мыналар кіреді:

- диссертация тақырыбы бойынша зерттеу жұмыстарын орындау;
- диссертация тақырыбы бойынша ғылыми жарияланымдар дайындау;
- шетелдік ғылыми тағылымдамадан өту.

6.3.24 Докторлық диссертациялардың құрылымы мен мазмұнына қойылатын талаптар университеттің тиісті нормативтік құжаттарымен анықталады. Докторлық диссертациялар қорғалғанға дейін мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптаманың ұлттық орталығында плагиаттың болуына міндетті тексеруден өтеді.

6.3.25 ДҒЗЖ (ДЭЗЖ) шеңберінде инновациялық технологиялармен және өндірістің жаңа түрлерімен танысу үшін докторанттар міндетті түрде ғылыми ұйымдарда және/немесе тиісті саладағы немесе қызмет салаларының ұйымдарында, оның ішінде шетелде ғылыми тағылымдамадан өтуі тиіс.

6.3.26 Білім алушы бітіруші кафедра отырысында ғылыми/шетелдік тағылымдаманың қорытындысы туралы есеп береді.

6.3.27 Философия ғылымдары докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін алу үшін диссертацияның негізгі ғылыми нәтижелері диссертация қорғалғанға дейін диссертация тақырыбы бойынша кемінде 7 (жеті) жарияланымда, оның ішінде:

- 3 (үш) мақаладан кем емес-уәкілетті орган бекітетін ғылыми қызметтің негізгі нәтижелерін жариялау үшін ұсынылатын ғылыми басылымдар тізбесіне енгізілген ғылыми басылымдарда;

- 1 (бір) мақала - халықаралық рецензияланатын ғылыми журналда;

- 3 (үш) - халықаралық конференция материалдарында немесе тезистерінде, оның ішінде 1 (бір) - шетелдік конференция материалдарында жариялау қажет.

6.3.28 Докторанттардың ғылыми/ әдістемелік басылымдарында қорғауға шығарылатын диссертациялық (жобалық) жұмыстардың негізгі ережелері ұсынылуы тиіс.

6.3.29 Докторанттардың ғылыми-зерттеу /Эксперименталды-зерттеу жұмыстарының нәтижелерін аттестаттау университеттің бекітілген процедураларына сәйкес жүзеге асырылады (ОҚМУ СМЖ 7.28-2013 магистранттар мен докторанттардың ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру және өткізу).

6.3.30 Докторантура білім алушыларының іс-тәжірибесі жоғары білікті мамандарды кәсіби даярлаудың маңызды компонентін құрайды. Іс-тәжірибе іс-тәжірибенің базасы болып табылатын ұйымдарда – кәсіпорындарда, жоғары оқу орындарында, ғылыми-зерттеу институттарында, мекемелерде, ұйымдарда және т. б. өткізіледі.

6.3.31 PhD докторантураның ғылыми-педагогикалық бағыты бойынша білім беру бағдарламасы іс-тәжірибенің зерттеу және педагогикалық түрлерін, бейіндік докторантураны– өндірістік іс-тәжірибені қамтиды.

6.3.32 Зерттеу іс-тәжірибесі отандық және шетелдік ғылымның жаңа теориялық, әдістемелік және технологиялық жетістіктерін зерттеу, сондай-ақ ғылыми зерттеулердің заманауи әдістерін қолданудың іс-тәжірибелік дағдыларын бекіту, диссертациялық зерттеуде деректерді өңдеу және интерпретациялау мақсатында жүргізіледі.

6.3.33 Педагогикалық іс-тәжірибе жоғары білім беру жүйесінде оқыту әдістемесі саласында жаңа білім, білік және іс-тәжірибелік дағдыларды алу мақсатында жүргізіледі. Педагогикалық іс-тәжірибе теориялық оқыту кезеңінде оқу процесінен үзбей өткізіледі. Педагогикалық іс-тәжірибе кезінде докторанттар бакалавриат пен магистратурада сабақ өткізуге тартылуы мүмкін.

6.3.34 Кәсіби (өндірістік) тәжірибе оқыту процесінде алынған теориялық білімді бекіту және қажетті кәсіби дағдылар мен құзыреттілікті қалыптастыру, сондай-ақ озық тәжірибені игеру мақсатында жүргізіледі.

6.3.35 Зерттеу және кәсіби (өндірістік) іс-тәжірибенің мазмұны білім алушының диссертациялық зерттеу тақырыбымен анықталады.

6.3.36 Докторантураның білім беру бағдарламасының білім алушының іс-тәжірибесі бекітілген академиялық күнтізбеге сәйкес тиісті мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында белгіленген көлемде өткізіледі.

6.3.37 Білім алушылардың зерттеу және кәсіби (өндірістік) тәжірибелерін өткізу ұйымдардың, кәсіпорындардың, мекемелердің және ғылыми-зерттеу ұйымдарының базасында келісім-шарт негізінде жүзеге асырылады.

6.3.38 Педагогикалық тәжірибені өткізу ОҚМУ-нің бітіруші кафедрасының базасында жүзеге асырылады.

6.3.39 Іс-тәжірибеге оқу-әдістемелік басшылықты және оның орындалу сапасын бақылауды докторанттар даярлайтын шығарушы кафедра жүзеге асырады.

6.3.40 Бітіртуші кафедра практиканттардың әр түрлі іс-тәжірибелердің мақсаттары мен міндеттерімен танысудан тұратын дайындық сабақтарын өткізеді, сондай-ақ іс-тәжірибеге тапсырмалар береді, іс-тәжірибе бағдарламаларын әзірлеуге талаптар, іс-тәжірибе нәтижелерін өңдеу және ресімдеу ережелері, іс-тәжірибе күнделігін толтыру, іс-тәжірибе бойынша есепті қорғау процедурасымен таныстырады және т. б.

6.3.41 Бітіруші кафедралар докторантура іс-тәжірибесінің бағдарламасын әзірлейді, оларды ЖООКБИ директоры бекітеді және практиканттарды қажетті оқу-әдістемелік құжаттамамен қамтамасыз етеді.

6.3.42 Іс-тәжірибе жетекшісі мен өтетін база ректордың бұйрығымен тағайындалады. Бекітілген іс-тәжірибе жетекшісі іс-тәжірибе басталғанға дейін қажетті құжаттарды дайындауды ұйымдастырады, іс-тәжірибе консультациясын жүзеге асырады, іс-тәжірибе есептерін қарайды, олардың жұмысы туралы пікірлер береді.

6.3.43 Білім алушылардың педагогикалық, зерттеу және өндірістік іс-тәжірибе бойынша есептері іс-тәжірибеден өту барысында жиналған, талданған және жүйеленген материалды қамтуы тиіс. Білім алушылардың есептері бітіруші кафедралардың ғылыми семинарларында тыңдалады және бекітіледі.

